

Маңғыстау облысы математика пәні мұғалімдерінің «Математикалық прогрессия» байқауын өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1. «Математикалық прогрессия» байқауы (бұдан әрі – байқау) облыстық кезеңіне дайындық және өткізу жұмыстары ұсынылып отырған ережеге сүйенеді.

1.2. Білім берудің оқу-әдістемелік орталығы байқаудың өкілетті органы болып табылады.

2. Байқаудың жұмыс органдары

2.1. Байқау жұмыстарын үйлестіру және жүзеге асыру үшін облыс бойынша білім берудің оқу-әдістемелік орталығы тарапынан ұйымдастыру алқасы құрылады.

2.2. Ұйымдастыру алқасы құрамына білім берудің оқу-әдістемелік орталығының директоры, директордың орынбасары, әдіскерлер кіреді.

3. Ұйымдастыру алқасы:

- Байқаудың барлық кезеңдерін өткізудің жалпы тәртібін анықтайды;
- Байқауға тікелей басшылық жасауды жүзеге асырады;
- Қазылар алқасының жұмысын ұйымдастырады;
- Облыстық байқаудың қорытындысын талдайды, қорытындылайды және қорытынды бұйрығы жобасын әзірлеуге қатысады.

4. Байқаудың мақсаттары мен міндеттері:

4.1. Байқаудың мақсаты: педагогтың кәсіби қызметінде жоғары нәтижелерге жетуде ұмтылысын арттыру.

4.2. Математика пәні мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсету, мұғалімдердің үздіксіз білім алуын қамтамасыз ету.

4.3. Байқаудың негізгі міндеттері:

- Білім беруді ақпараттандыру жағдайында шығармашылықпен жұмыс жасайтын пән мұғалімдерін анықтап, озық іс-тәжірибелерін тарату, мадақтау мен кәсіби имиджін арттыру;
- Мұғалімдердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда жоғары нәтиже көрсеткен белсенді шығармашылықпен жұмыс жасайтын мұғалімдерге демеу көрсету.

5. Байқауға қатысушылар

- Байқауға облыстық байқаудың I және II орын жеңімпаздары қатыса алады;
- Білім беру ұйымдарының штаттағы педагог қызметкері (55 жастан төмен) болып табылатын математика пәні мұғалімдері қатысуға болады.

6. Байқаудың мазмұны

6.1. Облыстық байқау әр оқу жылында бір рет өткізіледі;

- Байқау I турдан тұрады және әр мұғалім жеке қатысады;
- Байқауға қатысушы мұғалімдердің барлығына бірдей есептер беріледі;
- Тапсырманы орындау уақыты: 3 сағат 30 минут.

6.2. Байқауға қатысушы мұғалімдер төмендегі бағытта тапсырмаларды орындайды:

- 25 стандарттық есеп (әр есеп 1 ұпай);
- 5 олимпиадалық есеп (әр есеп 3 ұпай);
- Мұғалімдер есептердің шешімдерін жазбаша түрде ұсынады

7. Байқаудың қазылар алқасы

7.1. Облыстық байқаудың қазылар алқасы төрағадан (төрайымнан) және оның мүшелерінен тұрады:

- Байқаудың қазылар алқасының төрағасы (төрайымы) мен оның мүшелері облыстық ұйымдастыру алқасының ұсынысымен бекітіледі.

7.2. Байқаудың қазылар алқасы:

- Білім берудің оқу-әдістемелік орталығы дайындаған байқау тапсырмаларын қарастырады және бекітеді;

- ұсынылған тапсырмалардың тиісті ғылыми-әдістемелік деңгейін, орындылығы мен байқаудың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді;

- тапсырмалардың құпиялығына жауап береді;

8. Байқаудың қорытындысын шығару және қатысушыларды марапаттау

8.1 Облыстық байқаудың жеңімпаздары қазылар алқасының шешімімен I, II, III дәрежедегі дипломдарымен марапатталады.

8.2 Байқау қорытындысы мектеп рейтингісінде есепке алынбайды;

8.2 Байқау жеңімпаздарының еңбегі санат көтеру кезінде ескеріледі.